

Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау туралы



О выборах депутатов Курултая Республики Казахстан

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Құрылтай депутаттары бес жыл мерзімге сайланады.

Құрылтайдың құрамына Сайлау туралы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер бойынша сайланатын 145 депутат кіреді.

Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі.

Жиырма бес жасқа толған және елдің аумағында соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматы депутат бола алады.

Партиялық тізімде әйелдердің, жастардың және мүгедектігі бар адамдардың жиынтық үлесі оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс.

Партиялық тізімде адамдарды орналастыру тәртібін саяси партиялар дербес айқындайды.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы.

23 августа 2026 года состоятся выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.

Депутаты Курултая избираются сроком на пять лет.

В состав Курултая входят 145 депутатов, избираемых по партийным спискам в соответствии с Конституционным законом о выборах по территории единого общенационального избирательного округа.

Выборы проводятся на основе всеобщего, равного и прямого избирательного права при тайном голосовании.

Депутатом может стать гражданин Республи-

ки Казахстан, достигший 25-летнего возраста и постоянно проживающий на территории страны последние десять лет.

В партийном списке совокупная доля женщин, молодежи и лиц с инвалидностью должна составлять не менее 30 процентов от общего числа включенных в него лиц.

Политические партии самостоятельно определяют порядок размещения лиц в партийном списке.

Голосуй за обновление!

Центральная избирательная
комиссия Республики Казахстан.

Домбыра – қазақтың қасиетті мұрасы

Ұлттық Домбыра күніне орай Бұланды аудандық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен Степная шағын ауданындағы саябақта «Домбыра – қазақтың қасиетті мұрасы» атты мерекелік кеш өтті.

Шараның басты мақсаты – қазақ халқының баға жетпес рухани қазынасы саналатын домбыраны ұлықтау, ұлттық

өнерді дәріптеу, жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру және күй өнерін кеңінен насихаттау.

Мерекелік кештің шымылдығы Жекейхан Аманбайұлының орындауындағы «Тойға шашу» күйімен ашылып, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Одан әрі Жекей-

хан Аманбай жетекшілік ететін «Перне» балалар ансамблі ұлттық күй өнерінің жауһарларын орындап, өнерсүйер қауымның зор қошеметіне ие болды. Ансамбльдің орындауындағы «Көк ту, Алаш аманаты», «Адай», «Көк дөнен», «Аткелді», «Балбырауын» күйлері, сондай-ақ Нұрғиса Тілендиевтің күйлерінен попури мен «Ер Тұран» күй тартысы жас домбырашылардың шеберлігін айқын көрсетті.

Кеш барысында «Бұланды назы» фольклорлық ансамблінің жеке орындаушысы Рауза Киикова қазақтың халық әндері «Дедімай-ай» мен «Арыстың жағасында» шығармаларын орындап, ұлттық ән өнерінің әсемдігін паш етті.

Мерекелік бағдарламаны Жансейіт Түкібаевтың саксофонда орындаған попуриі қорытындылап, кешке ерекше көркемдік реңк берді.

Кеш барысында жүргізушілер домбыраның қазақ халқының тарихы мен мәдениетіндегі орны, күй өнерінің тәрбиелік мәні тура-

лы тағылымды ойларымен бөлісіп, ұлттық мұраны қастерлеудің маңыздылығын атап өтті.

Ұлттық Домбыра күніне арналған мерекелік кеш көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлап қана қоймай, ұлттық өнерімізге деген құрметті арттырған тағылымды мәдени шара болды. Қасиетті қара домбыраның

күмбірлеген үні халқымыздың рухын асқақтатып, ұлттық мәдениетіміздің мәңгілік құндылық екенін тағы бір мәрте айшықтады.

Домбыраның қасиетті үні әр шаңырақта күмбірлеп, халқымыздың дәстүрі мен өнері ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса берсін!

А. АМАНЖОЛОВА.



Мерейтой

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ИЕСІ 80 ЖАСТА

Аудан орталығының солтүстік-батыс бағытын бетке алып Тоқтамыс ауылына жол тарттық. Ұсақ шоқылы жазығы көз тартып, мың бұралған шоқ қайыңдары шұрайлы даласына ерекше сән беріп жарасып-ақ тұр. Түгін тартсаң май шығатын аядай ауылға атбасын бұрған себебіміз ел ағасы, абыз, кемел ойдың кермесі болған Құдайберген атаға жолығып, сұхбаттасу. Құдайберген ата өмірден көргені көп, түйгені мол, санасы биік, сарабдал жан. Тар жол тайғақ кешкен ел тағдырын бірге бастап кешкен. Бір сөзбен айтсақ үлкен өмір мектебінен өткен жан.

Құдайберген ата бізді құшақ жая қарсы алды. Өз жүзін әжім әрлеген атамиздың сөзі нық. Амандық-саулық сұрасып, бізге төрден орын берді. Құдайберген ата ескі құлақтан естігені бар, көненің көзін көргендіктен әңгімемізді өзі тұратын ауылдың тарихынан бастадық. 2007 жылға дейін бұл ауылдың Ергол кейін Тоқтамыс ауылы атанғаны бізге белгілі. Ал, атамиздың айтуынша Тоқтамыс бұл ауылдың тарихи атауы екен. Неге Тоқтамыс десек Абылай ханның қара жолының бойында орналасқан, тоқтап өтетін

жерлерінің бірі болған. Ал, бұл ауылдың қайта тарихи атауымен аталуына, тарихи атауын қайтаруына Құдайберген атаның үлкен септігі тиген. Ауыл атын қазақшалаймыз деп аудан орталығынан комиссия мүшелері бірінші рет келгенде өзге үлкен өкілдері қарыс болған көрінеді. Екінші рет келгенде Құдайберген ақсақал бастаған ауыл үлкендері салмақтап сөз айтып, елдің-жердің арғы тарихын тілге тиек етіп ауылдың тарихи атауымен аталуына себеп болған.

Жалпы Құдайберген Қасымұлы 1946 жылы Ауданымызға қарасты Мат ауылында дүниеге келген. Атамиздың айтуынша Мат өзенінің бойында орналасқан ауылдың «Мат» атануы Доғалақ, Мат деген ағайынды жігіттерге байланысты. Құдайберген ата өз сөзінде: «Мат өзені қанды өзен. Өзеннің екі жағында екі тау сияқты шоқылы жер бар, сол маңда суға кеткен адамдардың есік зираттары көп. Менің естуімше Доғалақ, Мат деген елге көп



пайдалары тиген ағайынды екі жігіттің бір сол суға кетіп қайтыс болған. Сол себепті өзен де, қасындағы ауылда Мат атанып кеткен» дейді. Атамиздың ауызынан жазып алған тағы бір құнды дүниеіміз Мат ауылынан 4 шақырымдай жерде Қандықарағай деген жер бар.

Бірі биік, бірі аласа екі таудың ортасында ат шаптырымдай алаңқай, жан-жағы ну орман болса керек. 40 шақты сарбаздарымен келе жатқан Абылай хан осы жерден будақтап шығып жатқан түтінді көріп жақындайды. Келсе тайқазанға ет асып жатқан қалмақтар екен. Шегінерге жол жоқ. Еңгезердей алып қалмақтың батыры өсіп тұрған балапан қайынды жұлып алып, сығып суын шығарып Абылайға: «мен сені осылай өлтіремін» дейді. Абылай мен қалмақ батырының арасындағы жекпе жекте Абылай қалмақ батырының ішін жарып өлтіреді. Осы арада қалмақ пен қазақ арасында қанды шайқас болып, қазақтар жеңіске жетеді. Содан бастап осы жер Қандықарағай аталып кеткен екен.

Құдайберген ата: «Біз руымыз арғын оның ішінде қылды қарауыл боламыз. Әкем Қасым Таңқыбайұлы 1903 жылы дүниеге келген. Жылқы фермасында бригадир, тағы басқа сол кездегі

абыройлы қызметтерді атқарды. 1952 жылы біздің жақта шөп жоқ, қуаңшылық болғасын жылқыны Жезқазған, Жаңаарқа даласына айдап, сол жақта қыстан шығарып алып келген еңбегі әлі есімде. Мен сол жылы 6 жаста едім. Әкем ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер. Берлинге дейін барып жеңіс туын желбіреткен жауынгерлердің бірі. Анам Қасенқызы Халила үй шаруасында болды.

Марқұм әкемнің айтуынша біз бұл елге шамамен 1930 жылдары көшіп келген екенбіз. Мат ауылына бізді Айқожа деген атамиз көшіріп әкеліпті. Отрадний совхозы мен Суворовканың ортасында Жалпаққарағай деген ауыл болған. Біздің ел негізі сол жер. Жалпаққарағайдан көшкен ел үшке бөлініпті. Бір бөлігі Қызылбидайға атбасын бұрса, енді бір бөлігі Құдақағаш ауылына қоныс аударған. Біз жақын маңдағы Мат ауылында тұрақтадық. Сол себепті көршілес қазіргі Біржан сал ауданына қарасты Құдақағаш ауылында біздің ауылдас, туыс ағайындарымыз көп тұрады» дейді.

Алдында арқа тұтар ағасы, соңында ізбасар інісі болғанымен олар ерте дүниеден өтті.

(Жалғасы 2 бетте).

(Жалғасы, басы 1 бетте).

Мат ауылындағы «Амангелді мектебі» деп аталатын 7-сыныптық мектепте білім алды. Алайда үйде жалғыз өскен еркілігі, қызметке деген құштарлығы болар мектепті бітірмей жатып 14 жасында қызметке араласты. Қыста Жылқыайдар деген ағасына еріп мал шаруашылығында еңбек етіп, сауыншыларға қызмет көрсетті. Жаз айында қатарластары ойынның қызығында жүргенде 15 жастағы Құдайберген МТЗ-5 тракторын жүргізіп, Мат ауылының №5 бригадасында жұмыс істеді. Бұл жерде қажырлы еңбегі үшін «Еңбек ері» атағын алған Қайыржан Ескендиоровтің тәрбиесінде болды. Кейін бір жарым жылдай қолына қамшы алып қой бақты. Еңбекке ерте араластырған балалық шағы мақала кейіпкерінің жұмысқа деген құштарлығын оятып, жауапкершілікті сезіндіріп, тұлғалық қалыптасуына жол ашты.

Ол жайлы Құдайберген ата: «1963 жылы болуы керек қой бағып

жүргенімде үйге әкемнің бір танысы келіп әкеме «баланды мен алып кетіп шопырлыққа оқытайын»- депті. Менің ол кезде 16-дан енді асқан шағым. Ал, автошколға жасы 17-ден асқандарды ғана алады екен. Бірақ жасым толмаса да автошколға оқуға түсіп кеттім. Бұл оқуды ойдағыдай бітіріп, қолыма куәлік алып шыққанан кейін Суворов совхозында 3 жыл шопыр болып қызмет істедім. Сол үш жылдың ішінде не бір қиындықтар бастан өтті. Боранда далада қалған кездер де болды. Кейін оқуымды жалғастырып, білім алуға бел шештім. 1966 жылы Қатаркөлдің техникумына оқуға түсіп, 1971 жылы бітіріп шықтым. Одан тоқтамастан 1972 жылы Астананың ол кездегі Целиноград ауылшаруашылық институтына оқуға түстім. Оны 1978 жылы бітірдім. Оқу оқып жүргенде 3 курсымда маған «практикаға барасың неме-

се мамандығыңмен жұмыс істе деді» сосын мен өз мамандығым бойынша еңбек етуге Новобратск совхозына бөлімге зоотехник болып бардым. Оқуым сырттай жүре берді. Осы уақыттар аралығында біршама қызметтер атқардым 1977 жылы Возно-сенка совхозына бас зоотехник болып жұмысқа бардым. Ол жерде екі жыл еңбек етіп, 1979 жылы анам ауырған



соң ауылға қайтып келдім. 1978 жылы Карамышевқа совхозы жаңадан құрылған болатын, бір жағынан білікті мамандар да керек болды. Осылайша өз ауылымда еңбек еттім. Басқа жақтарға, ауданға қызметтерге шақырды бірақ мен әкемді жалғыз тастап кете алмадым. Тек 1981 жылы әкем «сенің бағыңды байла-майын» деп рұқсатын берген соң, Ерголка совхозында бас зоотехник болып 1989 жылға дейін қызмет еттім. 1989 жылы Журавлевқа совхозында директор болдым. 1996 жылға дейін Ерголка совхозында еңбек еттім. 1997 жылға дейін автобус паркін басқардым. Кейін 2000 жылға дейін «Алан» фирмасында директоры болдым. Ал, 2000 жылдан бастап жеке өз кәсібімді бастадым»-деп аяқтады сөзін.

1967 жылы шаңырақ көтерген сүйікті жары Құлшарап Бекенқызы екеуі балаларынан немере, шөбере

көріп отырған үлгілі отбасы. Құлшарап Бекенқызы 1946 жылы қазіргі Бурабай ауданы Жамбыл ауылында дүниеге келген. 9 бала дүниеге әкелген алтын құрсақты ана. «Батыр ана» атанып 45 жасында зейнеткерлікке шыққан.

2013 жылы Құдайберген ата Шұбарағаш ауылына көркі көз тарта-тын жаңа мешіт салып берді. Ауданымызда өткен көптеген игі шаралардың демеушісі болып, талайға үлгі болды. Қажылыққа барып, бес парыздың бірін орындап қажы атанды.

«Жақсы бір адам қартайса, көкірегі хат болар...» деп дана халқымыз айтқандай ақылдың парасат биігінен көз тастап, кемеңгерлігі көпке үлгі болған Құдайберген атаның өнегелі өмір жолы осындай. «Жақсы қартаудың өзі қасиет» болса сол қасиет Құдайберген атаның бойынан табылады. Шілде айының 8 күні Құдайберген атамыз 80 жасқа толды. Ел игілігі үшін еселі еңбек еткен атамызды мерейілі жасымен шын жүректен құттықтаймыз.

Сұхбаттасқан: Ж. ЗАНДЫБАЙҰЛЫ.

Поздравляем!



Уважаемый Амангельды Байкенович!

Примите самые искренние поздравления с замечательным юбилеем - 70-летием!

Ваш жизненный путь является примером преданности своему делу, высокой ответственности, мудрости и беззаветного служения обществу.

От всей души желаем Вам крепкого здоровья, долгих и счастливых лет жизни, неиссякаемой энергии, душевного тепла, семейного благополучия, мира, добра и новых успехов во всех добрых начинаниях. Пусть Вас окружают любовь и забота близких, уважение коллег и благодарность людей.

С юбилеем! Пусть каждый новый день приносит радость, вдохновение и уверенность в завтрашнем дне!

С глубоким уважением секретарь и члены Общественного совета.

Орталық сайлау комиссиясының үндеуі

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫ!

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасының тарихында тұңғыш рет Құрылтай депутаттарын сайлау өтеді.

Сіздерді еліміздің одан әрі дамуындағы жаңа кезеңді белгілейтін тарихи оқиғаның қатысушысы бола отырып, азаматтық жауапкершілік танытуға және конституциялық құқығыңызды іске асыруға шақырамыз.

Сіздің сайлауға қатысуға конституциялық құқығыңызды іске асыруыңыздың кепілі - Сіздің Құрылтай депутаттарын сайлауға қатысуға құқылы сайлаушылар тізіміне енгізілуіңіз.

Сайлаушылардың тізімдерін жергілікті атқарушы органдар Сіздің тұрғылықты жеріңіз бойынша тиісті сайлау учаскесінің аумағында тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген өтініші негізінде тұрақты тіркелген жері бойынша тізімнен шығарыла отырып, енгізіледі.

Сайлау учаскелерінің шекаралары және учаскелік сайлау комиссияларының орналасқан жерлері туралы мәліметтерді тиісті әкімдер 2026 жылғы 16 шілдеге дейін жариялайтын болады.

Сіз өзіңіздің тіркелген жеріңіз бойынша жергілікті атқарушы органға жүгініп, өзіңіздің сайлау учаскеңізді және тізімге енгізілгеніңізді тексере аласыз. Тізімде болмаған жағдайда Сіз әкімдікке тиісті өтініш беруге құқылысыз.

Сізге ыңғайлы болу үшін, жазғы демалыс факторын ескере отырып, Сіздің есептен шығару куәлігін алу және өз елді мекеніңізден тыс жерде дауыс беру мүмкіндігіңіз бар.

2026 жылғы 7 тамыздан бастап өзіңіздің сайлау учаскеңізде Сізге Құрылтай депутаттарын сайлауға қатысуға құқығы бар сайлаушылардың тізіміндегі өзіңіз туралы мәліметтерді тексеру мүмкіндігі беріледі. Өзгерістер енгізу немесе нақтылау қажет болған жағдайда учаскелік сайлау комиссиясына өтінішпен жүгінуге құқылысыз.

ҚҰРМЕТТІ ӨРІПТЕСТЕРІ

Сіздерді кәсіподақ комитетінің атынан кәсіби мерекелеріңіз – Ветеринария қызметкері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ветеринария саласы – үлкен жауапкершілікті, терең білімді, төзімділік пен жанауырлықты талап ететін аса маңызды мамандық. Сіздер күн сайын ауа райына, уақытқа қарамастан, жануарлар денсаулығын қорғап, ауданымыздың ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етіп келесіздер. Еліміздің агроөнеркәсіптік кешенінің дамуына, халықтың әл-ауқаты мен денсаулығын сақтауға қосып жүрген үлестеріңіз зор.

Сіздерге адал еңбектеріңіз, жоғары кәсібиліктеріңіз, жауапкершіліктеріңіз бен таңдаған мамандықтарыңызға деген шексіз сүйіспеншіліктеріңіз үшін шынайы ризашылығымды білдіремін. Еңбектеріңіз әрдайым ел құрметіне бөленіп, абыройларыңыз асқақтай берсін!

Осы мереке күні Буланды ауданы ветеринариялық станциясының ұжымына ерекше алғысымды білдіремін: Буланды ауданы ветеринариялық станциясының басшысы Е. К. Апсаметовқа;

Карамышев ауылдық округінің ветеринариялық дәрігері Ч. К. Дюсеновке;

Қараөзек ауылдық округінің ветеринариялық дәрігері А. Тороханға;

Новобрат ауылдық округінің ветеринариялық дәрігері С. А. Терещукке;

Данилов ауылдық округінің ветеринариялық дәрігері И. В. Галкинаға;

Макинск қаласының ветеринариялық дәрігері К. Т. Досманбетоваға;

Журавлев ауылдық округінің ветеринариялық дәрігері И. А. Цапкоға;

Буланды ауданы ветеринариялық станциясының бухгалтері З. Ю. Цееваға;

Буланды ауданы ветеринариялық станциясының жүргізушісі К. А. Базыловқа.

Ветеринария басқармасының өкілдері А. К. Мамырбаева мен Д. С. Қасымова, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Буланды аудандық аумақтық инспекциясының басшысы Ж. Б. Сексенова, сондай-ақ мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар Е. В. Толкачева, С. В. Борисенко және В. А. Москаленко ауданның ветеринариялық дәрігерлерімен тығыз ынтымақтастықта жұмыс атқаруда. Олардың бірлескен қызметі ветеринариялық-санитариялық ахуалды қамтамасыз етуге, алдын алу және эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге, мемлекеттік ветеринариялық бақылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ жануарлар ауруларының алдын алу және жоюға бағытталған мәселелерді жедел шешуге бағытталған.

Баршаңызға зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, бақ-береке, еңбектеріңізге толайым табыс, кәсіби жетістіктер, баянды бақыт және еліміздің игілігі жолындағы еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін! Әр күндеріңіз сәттілікке, әр істеріңіз берекеге толы болсын!

Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын! Ветеринария қызметкері күні құтты болсын!

Құрметпен, Буланды ауданы ветеринария қызметі кәсіподақ комитетінің төрайымы, Ергольский ауылдық округінің ветеринариялық дәрігері Анна МУСАБЕКОВА.

УВАЖАЕМЫЕ КОЛЛЕГИ!

От имени профсоюзного комитета ветеринарной службы Буландынского района сердечно поздравляю вас с профессиональным праздником – Днем ветеринарного работника!

Ваша профессия требует глубоких знаний, высокой ответственности, преданности своему делу и искренней любви к животным. Ежедневно, независимо от времени года, погодных условий и обстоятельств, вы стоите на страже здоровья животных, обеспечиваете ветеринарное благополучие района, вносите весомый вклад в развитие сельского хозяйства и защиту здоровья населения.

Примите искренние слова благодарности за ваш нелегкий, но такой важный и благородный труд, за профессионализм, самоотверженность, добросовестность и верность выбранному делу. Благодаря вашему опыту, ответственности и неравнодушию успешно решаются самые сложные задачи, а жители нашего района могут быть уверены в надежной работе ветеринарной службы.

Особые слова признательности выражаем коллективу ветеринарной станции Буландынского района:

Руководителю ветеринарной станции Е. К. Апсаметову;

ветеринарному врачу Карамышевского сельского округа Ч. К. Дюсенову;

ветеринарному врачу Караозекского сельского округа А. Торохану;

ветеринарному врачу Новобратского сельского округа С. А. Терещуку;

ветеринарному врачу Даниловского сельского округа И. В. Галкиной;

ветеринарному врачу города Макинска К. Т. Досманбетовой;

ветеринарному врачу Журавлевского сельского округа И. А. Цапко;

бухгалтеру ветеринарной станции З. Ю. Цеевовой;

водителю ветеринарной станции К. А. Базылову.

Представители управления ветеринарии А. К. Мамырбаева и Д. С. Касымова, руководитель Буландынской районной территориальной инспекции Комитета ветеринарного контроля и надзора Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан Ж. Б. Сексенова, а также государственные ветеринарно-санитарные инспекторы Е. В. Толкачева, С. В. Борисенко и В. А. Москаленко работают в тесном сотрудничестве с ветеринарными врачами района. Их совместная деятельность направлена на обеспечение ветеринарно-санитарного благополучия, проведение профилактических и противоэпизоотических мероприятий, осуществление государственного ветеринарного контроля и оперативное решение вопросов, связанных с предупреждением и ликвидацией заболеваний животных.

От всей души желаю всем коллегам крепкого здоровья, благополучия, мира, счастья, семейного тепла, новых профессиональных достижений, стабильности, уверенности в завтрашнем дне и заслуженного уважения за ваш благородный труд. Пусть каждый рабочий день приносит удовлетворение, а рядом всегда будут надежные коллеги, поддержка близких и благодарность людям!

С праздником! С Днем ветеринарного работника!

С уважением, председатель профсоюзного комитета ветеринарной службы Буландынского района, ветеринарный врач Ергольский сельского округа Анна МУСАБЕКОВА.

Аудан жастары еліміздің болашағына бейжай қарамайды



Буланды ауданының Жастар ресурстық орталығында «Заң және біз: Әділетті Қазақстанға менің қосар үлесім» атты дебат турнирі өтті.

Буланды ауданының жастары еліміздің болашағына бейжай қарамайтындарын тағы бір мәрте дәлелдеді. Жастар ресурстық орталығының қабырғасында құқықтық сауаттылықты арттыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға және Әділетті Қазақстанды құрудағы әрбір жас азаматтың рөліне арналған зияткерлік дебат турнирі болып өтті.

«Заң - бұл жай ғана қағаздағы ережелер жиынтығы емес. Бұл - біздің құқықтарымызды қорғайтын қалқан және әділетті қоғамға жол көрсететін компас. Сондықтан бүгінгі таңдағы біздің қосар үлесіміз - ең алдымен өзімізге адал болу және әр күн сайын заңды құрметтеу».

Буланды ауданының Жастар ресурстық орталығы.



Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау жөніндегі Бұланды ауданының аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының құрамы мен орналасқан жерлері және жұмыс уақыты туралы хабарлама

Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдедегі «Қазақстан Республикасы Құрылтайының сайлауын тағайындау туралы» Жарлығына және «2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 1 шілдедегі № 26/41 қаулысына сәйкес Бұланды аудандық аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының құрамы мен орналасқан жерлері және жұмыс уақыты туралы хабарлаймыз.

Бұланды аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Макинск қ., Богенбай батыр көшесі, 21, Бұланды ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ, телефон 8 (71646) 2-24-94.

Комиссия төрағасы – Есенғожин Манарбек Болатұлы;

төрағаның орынбасары – Түлебаева Роза Алтайқызы;

хатшы – Құрмашева Айнагүл Қапышқызы;

комиссия мүшелері: Алпысбаева Дамира Мухаметрашидқызы, Ларионова Надежда Николаевна, Сабағат Аслан Шынғысқызы, Сыздықова Бибігүл Айтжанқызы.

№ 277 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Сәкен Сейфуллин көшесі, 36, Бұланды ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Бұланды аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимараты, телефон 2-38-28.

Комиссия төрайымы – Жұмаділова Бағдат Төлеубекқызы;

төрайымның орынбасары – Жақыпова Гүлнара Балғожақызы;

хатшы – Жахина Гүлден Қуанышбекқызы;

комиссия мүшелері: Гүляева Алеся Вячеславовна, Жакупова Гүлдерай Амантаевна, Мамырбаева Аягөз Қалиақпарқызы, Цечеева Зарета Юсуповна.

№ 278 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Михаил Яглинский көшесі, 19, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Макинск қаласының Балуан Шолақ атындағы мектеп - лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 2-26-73.

Комиссия төрағасы – Қуанышев Азамат Ермекұлы;

төрағаның орынбасары – Ембергенова Роза Сарманқызы;

хатшы – Нұрмұқанова Толқын Қадырқызы;

комиссия мүшелері: Абдулаева Лейла Каландаровна, Ларина Лилия Юрьевна, Сабурова Елена Владимировна, Сағындықова Әйгерім Әскербайқызы.

№ 279 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Ақан сері көшесі, 2, Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Мамандандырылған Бұланды балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 2-23-41.

Комиссия төрағасы – Шайкенов Серік Мұбарақұлы;

төрағаның орынбасары – Қоныс Өмірлі Рахимбергенұлы,

хатшы – Яровая Наталья Викторовна;

комиссия мүшелері: Азаматова Светлана Алексеевна, Есімов Қанат Қабидоллаұлы, Куприянова Евгения Александровна, Мұхамедиева Әсел Қадербайқызы.

№ 280 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Мир көшесі, 13, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Макинск қаласының мектеп - гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 5-10-98.

Комиссия төрайымы – Өбішева Айгүл Қалдыбекқызы;

төрайымның орынбасары – Конаева Гулайым Маратқызы,

хатшы – Тоқұбаева Бибигүл Төлегенқызы;

комиссия мүшелері: Есімова Аңжур Наурызбайқызы, Каримова Аида Маратқызы, Қасимова Диана Саматқызы, Муканова Роза Салимжанқызы.

№ 281 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Мұхтар Әуезов көшесі, 39, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Макинск қаласының № 1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 2-24-71.

Комиссия төрайымы – Бексеитова Асения Сыңғырқызы;

төрайымның орынбасары – Есенғожина Айсұлу Нұрланқызы;

хатшы – Бойко Галина Петровна;

комиссия мүшелері: Аялбергенова Ұміт Жанабайқызы, Қалиева Ақмарал Қабийқызы, Тоқанова Мағрұпа Қабдрашитқызы, Сағинди-ков Саят Уәлиханұлы.

№ 282 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Балуан Шолақ атындағы көшесі, 30, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Макинск қаласының балалар музыка мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимараты, телефон 4-24-12.

Комиссия төрағасы – Нұржанов Сертай Жатайұлы;

төрағаның орынбасары – Ермағамбет Гүлмира Салықжанқызы;

хатшы – Мұсалімова Гүлмира Нигметжанқызы;

комиссия мүшелері: Ахмадина Жұлдыз Сағадатқызы, Досаева Даража Тұрлыбекқызы, Жунусова Айтжан Айтымқызы, Кафизова Айман Қайырқызы.

№ 283 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Иван Скуридин көшесі, 62 А, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Макинск қаласының № 2 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 2-15-57.

Комиссия төрайымы - Каренова Рауза Қожахметқызы;

төрайымның орынбасары – Тілегенова Гүлжайна Төекелқызы;

хатшы – Пилипенко Людмила Сергеевна;

комиссия мүшелері: Қайыржановна Мадина Алмасқызы, Рысмұханова Айгүл Серікқызы, Сағиндыков Медет Қайыркелдыұлы, Цечеева Тамила Амырхановна.

284 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы Иван Скуридин көшесі, 62 А, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Макинск қаласының № 2 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 2-28-79.

Комиссия төрағасы – Жаркин Дулат Сандыбайұлы;

төрағаның орынбасары – Хасихан Елік;

хатшы – Нұрсадықова Жұлдыз Есжанқызы;

комиссия мүшелері: Булда Ольга Владимировна, Гималова Гүлғайша Кәрімқызы;

Сағындықов Нариман Қайыркелдыұлы, Хаутиева Мариям Бағаудиновна.

№ 285 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Карьерная көшесі, 10 А, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Макинск қаласының «Айгелек» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимараты, телефон 4-00-25.

Комиссия төрайымы – Еркебаева Жәніскүл Тыныштыққызы;

төрайымның орынбасары – Шортаева Гаухар Балтабекқызы;

хатшы – Садуов Бауыржан Айтпайұлы;

комиссия мүшелері: Қалек Жангелді Нұргелдіұлы, Нұржанова Алмагүл Мұхтарқызы.

№ 286 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Вознесенка ауылы, Комсомольская көшесі, 24, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Вознесенка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 36-2-16.

Комиссия төрайымы – Семина Оксана Яковлевна;

төрайымның орынбасары – Беккер Александр Владимирович;

хатшы – Прокопенко Олег Александрович;

комиссия мүшелері: Каламышева Надежда Алексеевна, Лузгина Марина Яковлевна.

№ 287 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Тастыөзек ауылы, Достық көшесі, 44, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Тастыөзек ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 31-6-03

Комиссия төрайымы – Белевцова Марианна Михайловна;

төрайымның орынбасары – Медведева Юлия Юрьевна;

хатшы – Нұрәлиева Шолпан Татимбетқызы;

комиссия мүшелері: Беликова Ольга Валерьевна, Кузнецова Любовь Владимировна.

№ 288 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Аққайың ауылы, Школьная көшесі, 17 А, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Аққайың ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 53-8-44

Комиссия төрайымы – Айтжанова Евгения Александровна;

төрайымның орынбасары – Еркебаева Жанар Еркенқызы;

хатшы – Мисуню Татьяна Владимировна;

комиссия мүшелері: Матвеевков Сергей Иванович, Сугурбаев Жанат Аматайұлы.

№ 289 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Күпчановка ауылы, Мектеп көшесі, 12, Ақмола облысы жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының «Бұланды ауданы, Күпчановка ауылы, арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 31-5-00.

Комиссия төрағасы – Мұхамеджанов Самат Уәлиханұлы;

төрағаның орынбасары – Макиенко Юлия Сергеевна;

хатшы – Сатанова Айгүл Раисқызы;

комиссия мүшелері: Абилова Алмахан Нұрланқызы, Макиенко Татьяна Ивановна.

№ 290 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Қараөзек ауылы, Шоқан Уәлиханов

атындағы көшесі, 27, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Қараөзек ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 38-4-19.

Комиссия төрайымы – Дайрова Қалимаш Егінбайқызы;

төрайымның орынбасары – Цой Ольга Францевна;

хатшы – Калиева Татьяна Васильевна;

комиссия мүшелері: Ахметканова Гүлім Сайранбекқызы, Болотхан Азипа.

№ 291 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Байсуат ауылы, Абай Құнанбаев атындағы көшесі, 19, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Байсуат ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 5-20-01.

Комиссия төрайымы – Абдулова Алмагүл Серікқызы;

төрайымның орынбасары – Вологжанина Татьяна Викторовна;

хатшы – Ракецкая Татьяна Владимировна;

комиссия мүшелері: Аханова Салтанат Серікқызы; Грефенштейн Анна Евгеньевна.

№ 292 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Алтынды ауылы, Тұрсынбек Көкішев көшесі, 14, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Алтынды ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 34-4-96

Комиссия төрайымы – Сәдуақасова Рауза Рахметоллақызы;

төрайымның орынбасары – Бүркітбаева Шолпан Қаленқызы;

хатшы – Иванова Ирина Николаевна;

комиссия мүшелері: Бекенева Баян Салимбайқызы, Қасенов Сергей Мүмкінұлы.

№ 294 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Алакөл ауылы, Молодежная көшесі, 6, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Алакөл ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 5-41-94.

Комиссия төрайымы – Рем Анна Ивановна;

төрайымның орынбасары – Брено Ксения Витальевна;

хатшы – Қожахметова Азиза Ардақовна;

комиссия мүшелері: Давыдова Елена Александровна, Смағұлова Махаббат Садбекқызы.

№ 295 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Елтай ауылы, Ұялы көшесі, 6/1, «Ел Хан» қожалық-фермерлік шаруашылығының ғимараты, телефон 5-40-99

Комиссия төрайымы – Қостанова Алтынгүл Мұратқызы;

төрайымның орынбасары – Рамазанов Руслан Темірғалиұлы;

хатшы – Тезекпаева Гулиям Сәбитқызы;

комиссия мүшелері: Аманжолова Аружан Ардаққызы, Оспанова Гүлбаршин Сабитқызы.

№ 296 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Жанаталап ауылы, Ақ бұлақ көшесі, 12, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Жанаталап ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 5-40-11.

Комиссия төрайымы – Айтжанова Алма Танбекқызы;

төрайымның орынбасары – Исқақова Салтанат Қайроллақызы;

хатшы – Кенжебаева Салтанат Джамбарқызы;

комиссия мүшелері: Жүсіпова Ақшайт Қайроллақызы, Қалиева Ляззат Құттыбекқызы.

№ 297 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Тоқтамыс ауылы, Садовая көшесі, 10, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Тоқтамыс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 32-6-96.

Комиссия төрағасы – Байғабулов Аслан Заманбекұлы;

төрағаның орынбасары – Доматай Майка;

хатшы – Вертянкина Наталья Викторовна;

комиссия мүшелері: Куют Александра Николаевна, Лузгин Дмитрий Павлович.

№ 298 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Иванковка ауылы, Степная көшесі, 29, Бұланды ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Бұланды аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Иванковка ауылдық клубының ғимараты, телефон 5-32-62.

Комиссия төрайымы – Улинич Наталья Александровна;

төрайымның орынбасары – Скиба Алена Владимировна;

хатшы – Барышникова Надежда Николаевна;

комиссия мүшелері: Гридасов Александр Викторович, Супонина Светлана Николаевна.

№ 300 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Гордеевка ауылы, Центральная көшесі, 24, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Гордеевка ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 5-32-52.

Комиссия төрағасы – Богданов Николай Витальевич;

төрағаның орынбасары – Максименко

Любовь Анатольевна;

хатшы – Богданова Екатерина Вячеславовна;

комиссия мүшелері: Алексеева Антонина Михайловна, Селенок Оксана Викторовна.

№ 301 учаскелік сайлау комиссиясы
Орналасқан жері: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Журавлевка ауылы, Киров көшесі, 43, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Журавлевка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 37-3-15.

Комиссия төрайымы – Баймағамбетова Вера Станиславовна;

төрайымның орынбасары – Зима Лидия Андреевна;

хатшы – Аксенова Антонина Константиновна;

комиссия мүшелері: Бахтина Тамара Ивановна, Петри Елена Петровна.

№ 302 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Воробьевка ауылы, Сарыарқа көшесі, 1, «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Воробьевка ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты, телефон 55-2-25.

Комиссия төрайымы – Булжих Валентина Ивановна;

төрайымның орынбасары – Иванова Мария Николаевна;

хатшы – Альберг Елена Сергеевна;

комиссия мүшелері – Ағұлманова Шолпан Мусағожақызы, Матвиенко Татьяна Валерьевна.

№ 303 учаскелік сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Ярославка ауылы, Школьная көшесі, 11, «Журавлевка - 1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің әкімшілік ғимараты, телефон 55-2-77.

Комиссия төрайымы – Чехун Камила Сағымбайқызы;

Сообщение о составах, местах нахождения и времени работы территориальной и участковых избирательных комиссий Буландынского района по выборам депутатов Курултая Республики Казахстан

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан № 1338 от 1 июля 2026 года «О назначении выборов в Курултай Республики Казахстан», постановлением Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан от 1 июля 2026 года № 26/41 «Об утверждении Календарного плана основных мероприятий по подготовке и проведению выборов депутатов Курултая Республики Казахстан, назначенных на 23 августа 2026 года», сообщаем о составах, местах нахождения и времени работы территориальной и участковых избирательных комиссий Буландынского района.

Территориальная избирательная комиссия Буландынского района
Местонахождение: г. Макинск, улица Богенбай батыра, 21, здание КГУ «Централизованная библиотечная система» отдела культуры, развития языков, физической культуры и спорта Буландынского района, телефон 8 (71646) 2-24-94.

Председатель комиссии – Есенгожин Манарбек Болатович;

заместитель председателя – Тулебаева Роза Алтаевна;

секретарь – Курмашева Айнагуль Капышев-на;

члены комиссии: Алпысбаева Дамира Мухаметрашидовна, Ларионова Надежда Николаевна, Сабегат Аслан Шингисханулы, Сыздыкова Бибигуль Айтжановна.

Участковая избирательная комиссия № 277
Местонахождение: Акмолинская область, Буландынский район, город Макинск, улица Сакена Сейфуллина, 36, здание государственного коммунального казенного предприятия «Буландынский районный дом культуры» отдела культуры, развития языков, физической культуры и спорта Буландынского района, телефон 2-38-28.

Председатель комиссии – Жумадиллова Багдат Тулеубековна;

заместитель председателя – Джакупова Гульнара Багдужиевна;

секретарь – Жахина Гульден Куанышбековна;

члены комиссии: Гуляева Алесь Вячеславовна, Жакупова Гульдерай Амантаевна, Мамырбаева Аягыз Калиакпаровна, Цеңбеева Зарета Юсуповна.

Участковая избирательная комиссия № 278
Местонахождение: Акмолинская область, Буландынский район, город Макинск, улица Михаила Яглинского, 19, здание коммунального государственного учреждения «Школа - лицей имени Балуана Шолака города Макинск отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области», телефон 2-26-73.

Председатель комиссии – Куанышев Азамат Еркемкович;

заместитель председателя – Ембергенова Роза Сармановна;

секретарь – Нурмуханова Толкын Кадыров-на;

члены комиссии: Абдулаева Лейла Каландаровна, Ларина Лилия Юрьевна, Сабурова Елена Владимировна, Сагиндыкова Әйгерім Аскербайқызы.

Участковая избирательная комиссия № 279
Местонахождение: Акмолинская область, Буландынский район, город Макинск, улица Ақан сері, 2, здание коммунального государственного учреждения «Специализированная Буландынская детско - юношеская спортивная школа» управления физической культуры и спорта Акмолинской области, телефон 2-23-41.

Председатель комиссии – Шайкенов Серик Мубаракovich;

заместитель председателя – Қоныс Өмірлі Рахимбергеноұлы;

секретарь – Яровая Наталья Викторовна;

члены комиссии: Азаматова Светлана Алексеевна, Есимов Канат Кабидуллинович, Куприянова Евгения Александровна, Мухамадиева Асель Кадербаетовна.

Участковая избирательная комиссия № 280
Местонахождение: Акмолинская область, Буландынский район, город Макинск, улица Ақан сері, 2, здание коммунального государственного учреждения «Школа - гимназия города Макинск отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области», телефон 5-10-98.

Председатель комиссии – Абишева Айгуль Калдыбековна;

заместитель председателя – Конаева Гульям Маратовна;

секретарь – Токубаева Бибигуль Толегеновна;

члены комиссии: Есимова Акнур Наурзбаевна, Каримова Аида Маратовна, Касымова Диана Саматовна, Муканова Роза Салимжановна.

Участковая избирательная комиссия № 281
Местонахождение: Акмолинская область, Буландынский район, город Макинск, улица Мухтара Ауезова, 39, здание коммунального государственного учреждения «Общеобразовательная школа № 1 города Макинск отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области», телефон 2-24-71.

Председатель комиссии – Бексеитова Асения Сынгыровна;

заместитель председателя – Есенгожина Айсулу Нурлановна;

секретарь – Бойко Галина Петровна;

члены комиссии: Аяпбергенова Умут Жанабаевна, Калиева Акмарал Кабиевна, Токанова Маргула Кабдрашитовна, Сагиндилов Саят Уаликанович.

Участковая избирательная комиссия № 282
Местонахождение: Акмолинская область, Буландынский район, город Макинск, улица имени Балуан Шолака, 30, здание государственного коммунального казенного предприятия «Детская музыкальная школа города Макинск при отделе образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской

области», телефон 4-24-12.

Председатель комиссии – Нуржанов Сертай Жатаевич;

заместитель председателя – Ермагамбет Гүлмира Салықжанқызы;

секретарь – Мусалимова Гульмира Нигметжановна;

члены комиссии: Ахмадина Жұлдыз Сагадатовна, Дусаева Даража Турлыбековна, Жунусова Айтжан Айтымовна, Кафизова Айман Кайыровна.

Участковая избирательная комиссия № 283
Местонахождение: Акмолинская область, Буландынский район, город Макинск, улица Ивана Скуридина, 62 А, здание коммунального государственного учреждения «Общеобразовательная школа № 2 города Макинск отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области», телефон 2-15-57.

Председатель комиссии – Каренова Рауза Кожамбетовна;

заместитель председателя – Тлегенова Гулжайна Таукеловна;

секретарь – Пилипенко Людмила Сергеевна;

члены комиссии: Кайражанова Мадина Алмасовна, Рысмукханова Айгуль Сериковна, Сагиндыков Медет Кайрекелдиевич, Цеңбеева Тамिला Амырхановна.

Участковая избирательная комиссия № 284
Местонахождение: Акмолинская область, Буландынский район, город Макинск, улица Ивана Скуридина, 62 А, здание коммунального государственного учреждения «Общеобразовательная школа № 2 города Макинск отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области», телефон 2-28-79.

Председатель комиссии – Жаркин Дулат Сандыбаевич;

заместитель председателя – Хасихан Елик;

секретарь – Нурсадыкова Жұлдыз Ескановна;

члены комиссии: Бульда Ольга Владимировна, Гималова Гулгайна Каримовна; Сагиндыков Нариман Кайрекелдиевич; Хаутиева Марьям Багаудиновна.

Участковая избирательная комиссия № 285
Местонахождение: Акмолинская область, Буландынский район, город Макинск, улица Карьерная, 10 А, здание государственного коммунального казенного предприятия «Ясли-сад «Айголек» города Макинск при отделе образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области», телефон 4-00-25.

Председатель комиссии – Еркебаева Женискул Тыныштыковна;

заместитель председателя – Шортаева Гаухар Балтабековна;

секретарь – Садуов Бауыржан Айтпаевич;

члены комиссии: Калеке Жангелді Нүргелдіұлы, Нуржанова Алмагуль Муктаровна.

Участковая избирательная комиссия № 286
Местонахождение: Акмолинская область, Буландынский район, село Вознесенка, улица Комсомольская, 24, здание коммунального государственного учреждения «Общеобразовательная школа села Вознесенка отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области», телефон 36-2-16.

Председатель комиссии – Семина Оксана Яковлевна;

заместитель председателя – Беккер Александр Владимирович;

секретарь – Прокопенко Олег Александрович;

члены комиссии: Каламыцева Надежда Алексеевна, Лузгина Марина Яковлевна.

Участковая избирательная комиссия № 287
Местонахождение: Акмолинская область, Буландынский район, село Тастыозек, улица Достык, 44, здание коммунального государственного учреждения «Основная средняя школа села Тастыозек отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области», телефон 31-6-03.

Председатель комиссии – Белевцова Марианна Михайловна;

заместитель председателя – Медведева Юлия Юрьевна;

секретарь – Нуралина Шолпан Татимбетовна;

члены комиссии: Беликова Ольга Валерьевна, Кузнецова Любовь Владимировна.

Участковая избирательная комиссия № 288
Местонахождение: Акмолинская область, Буландынский район, село Акжайын, улица Школьная, 17 А, здание коммунального государственного учреждения «Основная средняя школа села Акжайын отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области», телефон 53-8-44.

Председатель комиссии – Айтжанова Евгения Александровна;

заместитель председателя – Еркебаева Жанар Еркеновна;

секретарь – Мисуно Татьяна Владимировна;

члены комиссии: Матвиенков Сергей Иванович; Сутурбаев Жанат Амантаевич.

Участковая избирательная комиссия № 289
Местонахождение: Акмолинская область, Буландынский район, село Купчановка, улица Школьная, 12, здание коммунального государственного учреждения «Центр оказания специальных социальных услуг село Купчановка, Буландынский район» управления координации занятости и социальных программ Акмолинской области, телефон 31-5-00.

Председатель комиссии – Мухамеджанов Самат Улиханович;

заместитель председателя – Макиенко Юлия Сергеевна;

секретарь – Сатанова Айгуль Раисовна;

члены комиссии: Абилова Алмахан Нурлановна, Макиенко Татьяна Ивановна.

Участковая избирательная комиссия № 290
Местонахождение: Акмолинская область,

Буландынский район, село Караозек, улица имени Шокана Уалиханова 27, здание коммунального государственного учреждения «Общеобразовательная школа села Караозек отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области», телефон 38-4-19.

Председатель комиссии – Даирова Калимаш Егинбаевна;

заместитель председателя – Цой Ольга Францевна;

секретарь – Калиева Татьяна Васильевна;

члены комиссии: Ахметканова Гүлім Сайранбекқызы, Болотхан Азипа.

Участковая избирательная комиссия № 291
Местонахождение: Акмолинская область, Буландынский район, село Байсуат, улица имени Абая Куанбаева, 19, здание коммунального государственного учреждения «Начальная школа села Байсуат отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области», телефон 5-20-01.

Председатель комиссии – Абдулова Алмагуль Сериковна;

заместитель председателя – Вологжанина Татьяна Викторовна;

секретарь – Ракецкая Татьяна Владимировна;

члены комиссии: Аханова Салтанат Сериковна, Грешенштейн Анна Евгеньевна.

Участковая избирательная комиссия № 292
Местонахождение: Акмолинская область, Буландынский район, село Алтынды, улица Турсынбек Какишев, 14, здание коммунального государственного учреждения «Общеобразовательная школа села Алтынды отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области», телефон 34-4-96.

Председатель комиссии – Садвакасова Рауза Рахметуллиновна;

заместитель председателя – Буркитбаева Шолпан Каленовна;

секретарь – Иванова Ирина Николаевна;

члены комиссии: Бекенева Баян Салимбаевна, Касенов Сергей Мумкинович.

Участковая избирательная комиссия № 294
Местонахождение: Акмолинская область, Буландынский район, село Алаколь, улица Молодежная, 6, здание коммунального государственного учреждения «Основная средняя школа села Алаколь отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области», телефон 5-41-94.

Председатель комиссии – Рем Анна Ивановна;

заместитель председателя – Брено Ксения Витальевна;

секретарь – Кожамбетова Азиза Ардаковна;

члены комиссии: Давыдова Елена Александровна, Смагулова Махаббат Садыбековна.

Участковая избирательная комиссия № 295
Местонахождение: Акмолинская область, Буландынский район, село Ельтай, улица Уалы, б/1, здание крестьянско-фермерского хозяйства «Ел Хан», телефон 5-40-99.

Председатель комиссии – Костанова Алтынуль Муратовна;

заместитель председателя – Рамазанов Руслан Темиргалиевич;

секретарь – Тезекпаева Гулям Сабитовна;

члены комиссии: Аманжолова Аружан Ардакқызы, Оспанова Гульбаршин Байдалиевна.

Участковая избирательная комиссия № 296
Местонахождение: Акмолинская область, Буландынский район, село Жанатапал, улица Ак Булак, 12, здание коммунального государственного учреждения «Начальная школа села Жанатапал отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области», телефон 5-40-11.

Председатель комиссии – Айтжанова Алма Танбековна;

заместитель председателя – Искакова Салтанат Кайроллоевна;

секретарь – Кенжебаева Салтанат Джамбаровна;

члены комиссии: Жусупова Акшатай Кайроллоевна, Калиева Ляззат Куттыбековна.

Участковая избирательная комиссия № 297
Местонахождение: Акмолинская область, Буландынский район, село Токтамыс, улица Садовая, 10, здание коммунального государственного учреждения «Общеобразовательная школа села Токтамыс отдела образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области», телефон 32-6-96.

Председатель комиссии – Байгабулов Аслан Заманбекович;

заместитель председателя – Доматай Майка;

секретарь – Вертянкина Наталья Викторовна;

члены комиссии: Куят Александра Николаевна, Лузгин Дмитрий Павлович.

Участковая избирательная комиссия № 298
Местонахождение: Акмолинская область, Буландынский район, село Иванковка, улица Степная, 29, здание Иванковского сельского клуба государственного коммунального казенного предприятия «Буландынский районный дом культуры» отдела культуры, развития языков, физической культуры и спорта Буландынского район, телефон 5-32-62.

Председатель комиссии – Улинич Наталья Александровна;

заместитель председателя – Скиба Алена Владимировна;

секретарь – Барышниковна Надежда Николаевна;

члены комиссии: Супонина Светлана Николаевна, Гридасов Александр Викторович.

Участковая избирательная комиссия № 300
Местонахождение: Акмолинская область, Буландынский район, село Гордеевка, улица Центральная, 24, здание коммунального государственного учреждения «Основная средняя школа села Гордеевка отдела образования по Буландынскому району управления образова-

ния Акмолинской области», телефон 5-32-52.

Председатель комиссии – Богданов Николай Витальевич;

заместитель председателя – Молодцова Валентина Владимировна;

секретарь – Богданова Екатерина Вячеславовна;

члены комиссии: Алексеева Антонина Михайловна, Селенок Оксана Викторовна.

Участковая избирательная комиссия № 301
